



# Феномен Pro Қасбеттік бояуы

## ӨНІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қасбеттердің сыртқы жабынына арналған эмульсия негізіндегі акрилді бояу, ауа өткізетін, өңін жоғалтпайтын, су өткізбейтін, жібектей күңгірт құрылымға ие, серпімді бояу.

## ҚАСИЕТТЕРІ

- ✓ Құрамында силикон бар
- ✓ Жібектей-күңгірт
- ✓ Кез тартатын, жарқын түстердің үйлесімі
- ✓ Қосымша су өткізбейтін қасиет
- ✓ Ауаөткізгіш
- ✓ Ультракүлгін сәулеге төзімділікке 10 жыл кепілдік
- ✓ Созылғыштық сапа, капиллярлық жарықтарды толтырады

Феномен Pro Exterior Paint қасбеттік бояуы модификацияланған силиконды байланыстырушының жоғары мөлшері арқасында сыртқы атмосфералық әсерлерге төзімді; бетке жақсы жабысады, күн сәулесіне жоғары төзімділікке ие және CO<sub>2</sub> (көмірқышқыл газы) үшін тосқауыл қалыптастырады. Өзінің серпімді құрылымының арқасында ол қалыңдығы 100 мкм-ге дейінгі капиллярлық жарықтарды толтыра алады. Феномен Pro қасбеттік бояуын жағу оңай, себебі ол бетке тез таралады, ал бояу процесі аяқталғаннан кейін сыртқы беттерде әдемі құрылым қалыптастырады. Бұл сіздің уақытыңызды және еңбек шығынын үнемдейді.

## ЖАҒЫЛАТЫН БЕТТЕР

Оны сылаққа, өрескел сылаққа, керамикалық мозаикаға, жылтыратылған мозаикаға, бетонға, өрескел бетонға, бетон плиталарына, ҰДФ-ға, БЖТ-ға және тіпті дайын сылақ түріндегі ескі боялған беттерге қолдануға болады, олар тіпті өңін жоғалтқан кезде де ұстау қабілетін сақтайды.

## ЖАҒУ ӘДІСІ

Өңделетін бет қатты, құрғақ, таза және берік болуы керек. Барлық ластануларды, шаңды, майлы дақтарды және борпылдақ қабаттарды алып тастаңыз. Бетон, өңделмеген бетон және жаңадан сыланған беттер үшін 28 күндік қату мерзімін сақтаңыз, ал қабыршақтанған сылақ бөліктерін қырғышпен немесе басқа ұқсас әдістермен тазалаңыз. Қажет болған жағдайда бетті түзету және жөндеу жұмыстарын жүргізу керек, ал бояу процесін Fawori Exterior Primer төсемесін жаққаннан кейін бастау қажет. Ыстық ауа райында таңғы 10:00-ден 16:00-ге дейін бояуды жағудан аулақ болыңыз. Қасбетті бояуды тікелей күн сәулесі түсетін жерлерде бастамаған жөн; дұрыс жағу үшін көлеңкеде орналасқан бөліктерден бастаған жөн. Қоршаған орта мен бет температурасының +5°C-тан +30°C-қа дейінгі диапазонда екеніне көз жеткізіңіз және бетті барлық түрдегі жауын-шашыннан, шықтан және қыраудан қорғаңыз. Біздің өнім 30.06.2007 ж. №26568 құрылысқа арналған Жалпы техникалық тапсырмаға сәйкес орындалған құрылымдардың беттерінде қолданылуы тиіс.

## Ауасыз шашыраутды қолданған кезде:

Қысым: 140 бар

Шүмектің көлбеулену

бұрышы: 50°C

Шүмектің өлшемі (д): 0.019"-0.021"

Қалыңдығы: 5%

## СҰЙЫЛТУ

Қылшақпен және білікшемен қолданған кезде 10% - дан аспайтын таза сумен және бүрку кезінде 5% - дан аспайтын мөлшерде сұйылтыңыз. Түс реңктеріндегі айырмашылықтарды болдырмау үшін барлық өнімдердің бірдей жылдамдықпен сұйылтылғанына көз жеткізіңіз.

## КЕПТІРУ УАҚЫТЫ (20°C температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта)

Қол тигізгенде құрғақтығы: 1-2 сағат

Төсемені жағу және қабатар

арасындағы кебу кезеңі: 6-8 сағат

Соңғы кептіру: 24 сағат

"ВЕТЕК БОЯ УЕ КІМЯ САН. А.Ş." Акционерлік қоғамы

Бас кеңсе: Зумрутовлар ауданы, Урал көшесі № 38 34852 Малғене ауданы – СТАМБУЛ, К.

Тел.: (0216) 571 11 00 Факс: +90 (216) 571 13 15 – Орталық тіркеу жүйесіндегі нөмір: 0167001238900018 - [www.fawori.com](http://www.fawori.com)



## **МАТЕРИАЛ ШЫҒЫНЫ**

Бояу жағылатын беттің түріне, сіңіргіштігіне және құрылымына байланысты 1 литр бояу бір қабатта 7-12 м<sup>2</sup> аумақты қамти алады. Дәл шығынды есептеу үшін бақылаулы сынақ жағуын жүргізу ұсынылады.

## **САҚТАУ**

Өнімді жабық қаптамада 3 жыл бойы салқын әрі құрғақ жерде, аяздан және тікелей күн сәулесінен қорғалған жағдайда сақтауға болады. Қолданғаннан кейін қақпағын мықтап жабыңыз.

## **ҚАПТАМА**

9 л, 5 л, 2.5 л

## **ЕСКЕРТПЕ СӨЗ**

Назар аударыңыз! Абайлаңыз!

## **ЗИЯНДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ**

H317 Терінің аллергиялық реакциясын тудыруы мүмкін.

## **САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

P101 Егер медициналық кеңес қажет болса, өнімнің қаптамасын немесе жапсырмасын өзіңізбен бірге алыңыз.

P102 Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

P103 Қолданар алдында жапсырмамен танысыңыз.

P261 Шаңмен/түтінмен/газбен/тұманмен/буланулармен/аэрозольмен тыныстаудан аудлақ болыңыз.

P280 Қорғаныс қолғаптарын / арнайы киімді / көзді және бетті қорғау құралдарын киіңіз.

P333+P313: Егер тері тітіркенсе немесе бөртпе пайда болса, медициналық көмекке жүгініңіз.

P501 Құрамын / контейнерді жергілікті, өңірлік, ұлттық және халықаралық ережелерге сәйкес жойыңыз.



TS 7847/2012 сәйкес келеді.



G талаптарына  
сәйкес келеді.

TSE

ӨНІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	1
ҚАСИЕТТЕРІ	1
ЖАҒЫЛАТЫН БЕТТЕР	1
ЖАҒУ ӘДІСІ	1
ЕСКЕРТУЛЕР	1
Ауасыз шашырату кезінде:	2
СҰЙЫЛТУ	2
КЕПТІРУ УАҚЫТЫ (20°C температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта)	2
МАТЕРИАЛ ШЫҒЫНЫ	2
САҚТАУ	2
ҚАПТАМА	2
ЕСКЕРТПЕ СӨЗ	2



ЗИЯНДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ	2
САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	2
TS 7847/2012 сәйкес келеді.	2

Бұл өнім TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002, TS ISO/IEC 27001 стандарттарына сәйкес сертификатталған Betek A.Ş. компаниясымен өндірілген .	3
Ред.4 наурыз 2020 жыл	3

Көмірқышқыл газының өткізгіштігі: C0 Класы

Осы техникалық паспорт қалыпты жағдайларда жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректері негізінде дайындалды. Жоғарыда көрсетілмеген қосымша ақпарат алу үшін техникалық персоналмен байланысуыңызды сұраймыз. Басқа жағдайда, өндіруші компания жеткіліксіз ақпарат алу нәтижесінде туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды. Біздің компания ұсынылған ақпаратта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

**Бұл өнім TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002, TS ISO/IEC 27001 стандарттарына сәйкес сертификатталған Betek A.Ş. компаниясымен өндірілген.**

**Ред.4 наурыз 2020 жыл**